

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**ЭЛЕКТРЛЕНДІРІЛГЕН КӨЛІКТІҢ БАЙЛАНЫС
ЖЕЛІЛЕРІ, ӨНДІРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТАРДЫ
ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**КОНТАКТНЫЕ СЕТИ
ЭЛЕКТРИФИЦИРОВАННОГО ТРАНСПОРТА,
ПРАВИЛА ПРОИЗВОДСТВА И ПРИЕМКИ
РАБОТ**

**ҚР ЕЖ 3.03-118-2014
СП РК 3.03-118-2014**

**Ресми басылым
Издание официальное**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсам Министерства
национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Астана Строй-Консалтинг» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «Астана Строй-Консалтинг»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсам Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР	2
4 ҚОЛАЙЛЫ ҚҰРЫЛЫС ШЕШІМДЕР	2
4.1 Жалпы ережелер	2
4.2 Түсетін конструкциялар, бөлшектер мен бұйымдар кірісін бақылау	3
4.3 Котловандарды әзірлеу	6
4.4 Іргетастардың құрылысы	7
4.5 Котловандардың қуысын толтыру	9
4.6 Тіректерді орнату. Жалпы ережелер	10
4.7 Темірбетондық тіректерді орнату	11
4.8 Металл тіректерін орнату	12
4.9 Қатты көлденеңдерді құрастыру (монтаждау)	12
4.10 Иілімді көлденеңдерді құрастыру	14
4.11 Анкерлік тартпаларды құрастыру	14
4.12 Жұмыстарды қабылдау	15
4.13 Қолдаушы құрылғыларды құрастыру	15
4.14 Байланыс ілмектерді құрастыру	16
4.15 Байланыс ілмекті реттеу	19
4.16 Байланыс желілерінің әр түрлі құрылғыларын құрастыру	23
4.17 Пайдалануға байланыс желілерін қабылдау	24
5 БАЙЛАНЫС ЖЕЛІЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ ҚАУІПСІЗ ТАЛАПТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	28
А қосымшасы (ақпараттық) Тіректерге, іргетасқа, анкерге, қатты көлденең блоктарына төлқұжат	32
Б қосымшасы (ақпараттық) Байланыс желілерінің темірбетон тіректерінің электр кедергісін өлшеу	33
В қосымшасы (ақпараттық) Әзірлеуші зауыттан электрленген учаскеге түскен байланыс желінің іргетастары мен тіректердің сапасын тексеру актісі	34
Г қосымшасы (ақпараттық) Байланыс желілері тірегін орнату орындарын бөлу бойынша жұмыстарды орындауға акт	35
Д қосымшасы (ақпараттық) Байланыс желілері тірек іргетастарын орнату үшін дайындалған котловандарын салу бойынша жабық жұмыстарды куәландыру актісі	36
Е қосымшасы (ақпараттық) Байланыс желілері тіректерінің іргетас бөліктерін салу бойынша жабық жұмыстарын куәландыру актісі	37
Ж қосымшасы (ақпараттық) Байланыс желісінде орнатылған тіректерді монтаждауды қабылдау актісі	38
И қосымшасы (ақпараттық) Байланыс желілері тірегін монтаждау ретінде қабылдау актісі	39
БИБЛИОГРАФИЯ	40

КІРІСПЕ

Осы ережелер жинағы құрылыста қолданылатын нормативтік құқықтық актілердің нормалау қағидаттары мен талаптарына сәйкес әзірленді, Қазақстан Республикасының аумағында электрленген көлік байланыс желілерінің жұмыстарын ұйымдастыру, жүргізу және қабылдауға арналған.

Осы ережелер жинағы Қазақстан Республикасының «Ғимараттар мен имараттардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті дәлелдеу базасы нормативтік құжаттарының бірі болып табылады.

Осы ережелер жинағы тиісті құрылыс нормаларының жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптардың қонымды құрылыс шешімдері мен параметрлерін белгілейді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ЭЛЕКТРЛЕНДІРІЛГЕН КӨЛІКТІҢ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІЛЕРІ, ӨНДІРУ ЖӘНЕ
ЖҰМЫСТАРДЫ ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**КОНТАКТНЫЕ СЕТИ ЭЛЕКТРИФИЦИРОВАННОГО ТРАНСПОРТА,
ПРАВИЛА ПРОИЗВОДСТВА И ПРИЕМКИ РАБОТ**

Енгізген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы ережелер жинағы жалпы пайдаланудағы электрлендірілген темір жолдарының және жер үсті электрлендірілген қала көліктерінің (трамвайлар мен троллейбустардың) байланыс желілерін өндіруге және жұмыстарды қабылдауға тарылады.

1.2 Осы ережелер жинағы жер үсті электрлендірілген қала көліктерін (трамвайлар мен троллейбустар) өндіруге және қабылдауға таралмайды.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережелер жинағын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы №1202 қаулысымен бекітілген «Құрылыс материалдар мен бұйымдар, ғимараттар мен имараттардың қауіпсіздігіне талаптар» техникалық регламенті.

ҚР ҚНЖЕ 5.03-34-2005 Бетондық және темірбетондық конструкциялар. Негізгі ережелер.

ҚР ҚНЖЕ 5.04-23-2002 Болат конструкциялар. Жобалау нормалары.

ҚР ҚНЖЕ 2.01-19-2004 Құрылыс конструкцияларды коррозиялардан қорғау.

ҚР ЕЖ 2.01-101-2013 Құрылыс конструкцияларын тот басудан қорғау

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу қағидалары»

Ескертпе – Осы ережелер жинағын пайдалану кезінде ақпараттық «Қазақстан Республикасы аумағында әрекет ететін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесі» және ағымдағы жылдың жағдайы бойынша жылсайын жасалатын «Мемлекетіаралық нормативтік құжаттардың көрсеткіштері» бойынша сілтеме құжаттардың әрекетін тексеру ұтымды. Егер сілтеме құжаты ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы нормативті қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме құжат, оған сілтеме берілген ауыстырусыз күшін жойса, онда осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында 2 тарауда көрсетілген құжаттардағы терминдер мен анықтамалар және келесі тиісті анықтамалар мен терминдер қолданылады:

3.1 **Автомотриса:** Жай кезде өздігінен пайдаланылатын моторлы, өзі жүретін теміржол вагоны (тіркелетін вагондарсыз).

3.2 **Башмак (жылжуға қарсы таяғыш):** Өздігінен қозғалуын алдын алу үшін вагондардың, троллейбустардың дөңгелегі астына қойылатын құрал.

3.3 **Коуш:** Сыртқы жағында науамен металдан тамшы түрінде, дөңгелек немесе үшбұрышты ілдірек. Коуш оны тозудан және сынудан алдын алу үшін трос түйініне кіргізеді.

3.4 **Жатқыштар:** Т-тәрізді қиылыстағы балкалы темірбетон конструкциялары. Жатқыштарды орнату кезінде кең жағы еденге салынады, ал өте тар жағына (Т литер аяғын) – жабдық орнатылады.

3.5 **Тартқыш:** Мачталық түрдегі электр бергіш желілері тірегінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қолданылатын металлоконструкциялар элементі. Сондай-ақ, тартқыштар таяныштарды берік нығайту үшін қолданылады, оларға ЭБЖ бағыттарын немесе сымдарды тарту деңгейін өзгерту болады.

3.6 **Аралық:** Қатар жатқан теміржол станцияларымен, аялдау бекеттерімен, озбабекеттерімен немесе жол күзетімен шектелген теміржол желісінің бөлігі.

3.7 **Өтпелік:** Темір жолдың автомобиль жолдары және трамвай жолдарымен бір деңгейде қиылыстын орыны.

3.8 **Табан:** Тегіс, жылжымалы, алдына тартылған пластина, брус, сондай-ақ, өте тар жылжымалы жолақ, планка.

3.9 **Мүйізді разряды бар:** Ілеспе электр доғаларды басу үшін мүйіз және асыра қуатпен жабылатын, олардың арасында ауа аралықпен электродтары бар теміржолдағы байланыс желілерінің сымдарында тоқ кернеуінің күшін артуымен электродтары бар темір жол байланыс желілері сымдарында тоқ кернеуінің күшін артуымен төмендетуге арналған құрылғы.

3.10 **Бағыттық ауыстырылым:** Жолдың жоғары қабаты элементтерінің бірі рельс жолдарын екі немесе бірнеше жолға бөлетін, бір жолдан екінші жолға қозғалмалы құрамды ауыстыру үшін қызмет ететін құрылғы.

3.11 **Түзеткіш (түзету):** Суық қалпында пластикалық өзгерту жолымен қисықтарды жою және нығайту мақсатымен прокаттарды, сымдарды түзету.

4 ҚОЛАЙЛЫ ҚҰРЫЛЫС ШЕШІМДЕР

4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Байланыс желілерді монтаждау кезінде, монтаж аймағынан тыс жерлерде: зауыттарда, полигонда және шеберханаларда жұмыстардың көпшілігін ауыстыра отырып, прогрессивтік технологияларды және индустриалды әдістерді қолдану қажет.

4.1.2 Құрылыс, монтаждық және арнайы жұмыстарды ұйымдастыру бойынша мерзімдер, кезектілік және негізгі шешімдер, мердігер және субмердігер ұйымдары мен тапсырыс берушілер арасында келісуі тиіс [1].

4.1.3 Байланыс желілердің құрылыстары, құрылыс және монтаждық жұмыстардың барынша механизациялау кезінде зауыт әзірлеген бөлшектердің түйіндерін, жиналмалы темірбетондық конструкцияларын, кеңінен қолданумен жүзеге асыруы тиіс.

4.1.4 Байланыс желілерінің құрылысы бойынша жұмыстар, бекітілген жобалық-сметалық құжаттамалар және жұмыс өндірісінің жобасы (ЖӨЖ) болған кезде ғана басталуы мүмкін.

4.1.5 Байланыс желілерінің іргетастары мен тіректерінің құрылыстарын келесі негізгі тәсілдермен орындау ұсынылады:

а) «жолдан», котловандарды қазу, тірек пен іргетастарды тасымалдау және орнату, темір жолмен жұмыс істейтін механизмдердің кешені орындайды;

б) «алаңнан» - жолдарды есепке алмағанда, механизмдердің барлық жұмыстарын орындау;

в) «аралас» - жолдар сияқты сондай-ақ жолды санамағанда механизмдердің барлық жұмыстарын орындау.

4.1.6 «Жолдан» және «алаңнан» байланыс желілерін электрлендіру және жаңарту кезінде жұмыс өндірісі тәсілдерінің қатынасын жергілікті талаптармен анықтау қажет (темір жол төсемелеріне кіреберістердің, жоғары төсемдердің және т.б. болуы).

4.1.7 Қала жағдайында, трамвайлардың және троллейбустардың, байланыс желілерінің құрылысын көше қозғалысының қарқындылығын есепке алумен, сондай-ақ басқа да ауа және жер асты коммуникациялармен, құрылыстармен жақындау және қиылысу болған кезде жүзеге асыру қажет.

4.1.8 Байланыс желілердің құрылғылары, жұмыс өндірісіне, тапсырыс берушімен бекітілген жұмыс сызбаларына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс [2].

4.2 Түсетін конструкциялар, бөлшектер мен бұйымдар кірісін бақылау

4.2.1 Құрылыс нысандарға түсетін, байланыс желілерінің, тірек конструкциялардың элементтері, тапсырыс беруші өкілінің қатысушысымен, құрылыс ұйыммен, жүзеге асыратын кіріс бақылауына жатуы тиіс. Байланыс желілерінің тірек конструкциялары сапасын бақылау және оларды маркалау бұйымның осы түрі үшін бекітілген жобаларға МемСТ сәйкес әзірлеуші зауытпен жүргізіледі.

4.2.2 Іргетастарды және анкерлер кірісін бақылау кезінде келесілер тексеріледі:

а) техникалық төлқұжат және маркалаудың болуы, бұйымның жинақтылығы;

б) техникалық төлқұжатта және жобада көрсетілген деректермен, бұйымдарды маркалау және зауыт нөмірлерінің, сәйкес келуі;

в) саңылаулар, тесіктер, ашық арматуралар және т.б. сыртқы түрі;

г) геометриялық және отырғызу көлемдері;

д) бетонның қорғау қабатының сапасы және қалыңдығы;

е) бұранданың түзетілуі және анкерлік болттарда, тоттануға қарсы майлаудың болуы.

4.2.3 Келесі кемшіліктермен, іргетастар мен анкерлерді орнатуға рұқсат етілмейді:

ҚР ЕЖ 3.03-118-2014

а) 10 мм астам тереңдігімен және 1 м² бетінде, 20 мм, астам ұзындығымен, қабырғаларды, зақымдау немесе бетонда тесік бекітілген, үштен артық қабыршағы, болуы (арматураны жалаңаштандырусыз);

б) жаңалаңыштандырылған, арматураның болуы;

в) жер асты бөлігіндегі бетонның қорғайтын, қабатын бұзу;

4.2.4 Іргетастар мен анкерлердің, геометриялық көлемдері, жобаға сәйкес, келуі тиіс, ал кіру рұқсаты (жобадан ауытқу) келесілерден артық болмауы тиіс, мм:

ұзындығы бойынша D1= ±20;

стакандық іргетастардың, саңылау көлемдері бойынша..... D2= +5; -3;

жоғарғы қиылыс көлемі бойынша D3= +10; -5;

анкер болттарының, өсі арасындағы, арақашықтық бойынша D4= ±5;

анкерлік болттардың, ұзындығы бойынша (бетонның бетінен)..... D5= +10.

4.2.5 Темірбетондық тіректің, кіріс бақылауы кезінде, келесілер тексеріледі:

а) байланыс желілерінде, тіректердің, берілген бөлшектер үшін саңылауға оқшауланған, втулкасының болуы, ал тұрақты тоқ учаскелерінде – металл салынатын бөлшек пен бетон тірегі арасында екілік оқшауланған элементтердің болуы;

б) салынатын бөлшектер мен тірек арматурасы арасындағы, электр кедергінің шамасы.

4.2.6 Келесі кемшіліктермен, темірбетондық тіректерді, орнатуға рұқсат берілмейді:

а) көлденең саңылаулардың болуы;

б) ашылу ені 0,1 мм және олардың ұзындығы 2 м астам кезінде бір қиылыста үш ұзын саңылау немесе екі ұзын саңылаудың болуы;

в) 100x100 мм астам, көлемдегі және 3 мм астам тереңдіктегі бетонның екеуден астам иілімдерінің болуы;

г) бетонның сыртқы жағында тоттанған дақтардың болуы;

д) тіректе, жартылай нысандарын қосу желісінде көбіршекті бетонның болуы;

е) жалаңаштанған арматураның болуы;

ж) тіректің жер асты бөліктерінде, бетонның қорғау қабатының, бұзылуы;

и) 10 кОм кем, тірек арматурасы және берілетін бөлшектер арасындағы кедергі;

к) іргетастың шартты кесіндісі (ШК) және тірек ауырлығы орталығы белгісінің темірбетон тіректерінде болмауы.

4.2.7 Темірбетон тіректерінің геометриялық көлемдері жобаға сәйкес келуі тиіс ал рұқсаттамалар (жобадан ауытқулар), келесілерден артық болмауы тиіс, мм:

тірек ұзындығы бойыншаD1= ±25;

көлденең қиылысының, көлемдері бойынша..... D2= ±5;

қабырға қалыңдығы бойынша (тірек қапталы бойынша орташа)..... D3= +10; -5;

өс арасындағы ара-қатынас бойынша

өзара байланысты саңылаулар D4= ±2.

4.2.8 Байланыс желілердің, металл тірегін және қатты көлденеңдерді (ригельдерді), кіріс бақылау кезінде, келесілер жатады:

а) барлық ұзындығы бойынша, конструкциялар мен жеке элементтердің иілімі мен ауыспасының, жоқтығы;

б) дәнекерленбеген және жарылған дәнекерленген тігістердің, жоқтығы;

в) анкер болттарында, тіректерді орнатуға арналған, отырғыш көлемдер, тоттануға қарсы жабындылардың, сапасы.

4.2.9 Қатты көлденеңдердің орналасуы, кіріс бақылау кезінде келесілерді тексереді:

- а) өзара орналасқан блоктарды;
- б) қатты көлденеңдер иілімдерінің орналасуы.

4.2.10 Қатты көлденеңдер, ригельдердің тік фермаларының, барлық қисықтары, жоғары көтерілгіш, болуы тиіс (ферманың сол жартысында – төменнен жоғары, солдан, оңға қарай; ферманың оң жартысында – жоғарыдан төмен, оңнан солға қарай). Ригельдердің дәнекерленген блоктарында блоктар арасындағы саңылаулар есебінен иілімі болуы тиіс. Блоктар арасында саңылау, қатты көлденеңдердің жоғары және төменгі бөліктерінде 17 ... 18 мм және 5 мм болуы тиіс.

4.2.11 Байланыс желілердің, металл тіректері және зауытпен ұсынылатын қатты көлденең блоктары, ҚР ЕЖ 2.01-101 талаптарына сәйкес, мырышталуы немесе топырақталуы және боялуы тиіс. Мырыш жабындысының қалыңдығы 100 мкм кем болмауы тиіс.

4.2.12 Металл тірек және қатты көлденең көлемдеріндегі ауытқулар келесілерден аспауы тиіс, мм:

тірек башмақтардың, төменгі бетінен, ригельдерді бекіту үшін, саңылаулар тобына дейінгі арақашықтық, тягалар,

- консольдер және т.б..... $D1 = \pm 15$;
- өзара байланысты, саңылау топтары арасындағы, арақашықтық $D2 = \pm 2$;
- көлденең қиылысының, көлемдері $D3 = \pm 5$;
- метрлік рейкаларды тексеру кезінде, жергілікті қисықтар $D4 = \pm 1$;
- конструкцияның, тік желілі ұзындығынан $D5 = \pm 1/1000$.

4.2.13 Металл тіректері мен қатаң көлденең конструкцияларының, өзгертілген элементтері, құрылыс-монтаждық ұйымдармен түзетілуі және әзірлеуші зауыттың қатысуы кезінде, тапсырыс берушінің өкілімен бірге, қайталап куәландыруы тиіс.

4.2.14 Әрбір партияны куәландырудан кейін, тапсырыс берушінің өкілімен және құрылыстық-монтаждау ұйымның шеберімен қол қойылатын, темір жолдың электрленген бөлімінде зауыттан келген іргетастар, анкерлер, тірек және қатаң көлденеңдер куәландыру ретінде тексеру актісі құрылуы тиіс.

4.2.15 Әзірлеуші кәсіпорыннан, байланыс желісінің арматурасы мен конструкциялары келгеннен кейін жұмыстарды өндіруші немесе шебер келесілерді тексеруі қажет:

- а) бұйымның сыртқы түрі және жинақылығы;
- б) маркалаудың болуы және оның сертификатта және бұйым төлқұжатында көрсетілгенге сәйкес келуі.

4.2.16 Оларды, электромонтаждық ұйымдарға беру алдында барлық ілме оқшаулағыштар электрмен жабдықтау дистанциясының қызметкерімен жоғары вольтты сынауға түсуі тиіс.

4.2.17 Фарфорлық оқшаулағыштары (ілме және өзекті) кем және монтаждауға жарамсыз деп егер оларда, тәрелкеде немесе цемент құймасында радиалды саңылаулар, сырға немесе сақинаны бекіту, бұзылуы немесе қисаюы (ілме оқшаулағыштар), шапкаларда саңылаулар және т.б. болса, саналады; 3 шаршы см, аспайтын, жалпы

аландағы тәрелке қабырғаларының немесе шеттерінің иілімі, гирляндыда жұмыс істейтін оқшаулағыштарда ғана рұқсат етіледі. Полимерлік оқшаулағыштар үшін бұзылмайтын өзекте және арматура арасында тығыздағыштың жоқтығы қабырғалардың бұзылуына рұқсат етілмейді.

4.3 Котловандарды әзірлеу

4.3.1 Қолданыстағы теміржол желілерінде котловандарды әзірлеуді жол дистанцияларының өкілдерінің бақылаумен орындау қажет. Жетекші жұмыс орындарында котловандағы жұмыс басталғанға дейін 12 сағаттан кешікпей, жол дистанциясының әкімшісіне хабарлауға міндетті.

4.3.2 Жер асты коммуникациялары орналасқан жерлердегі котловандарды осы коммуникацияларды пайдаланатын ұйым өкілдерінің бақылауымен орындалады. Жұмыс жетекшісі, мүделі ұйымдарды, котловандағы жұмыстардың басталуына дейін кем дегенде 2 тәулік қалған кезде хабарлауға міндетті. Ұйымдар, жер жұмыстарын өндіруге және уақытша белгілерді – жер асты коммуникациялар бағытын көрсеткіштерді, орнатуға рұқсаттамаларды беруді қамтамасыз ету қажет.

4.3.3 Жер асты коммуникациялаудың зақымдауын болдыртпауда коммуникациялардың орналасқан жерін арнайы іздеушілермен анықтайды. Механизациялау құралдарын қолдану, мүмкін болмаған кезде жер асты коммуникациялардың болғанында котловандар жұмыстары қолмен әзірленуі тиіс. Котловандардың қолданыстағы жолдарына жақын орналасуы жұмыстарды өндіру кезінде жұмыс істейтін тұлғалар мен пойыздар қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарын мұқият сақтау қажет. Жұмысты өндіру кезінде пойыз машинистіне қырағылығын жоғарлату және қозғалыс жылдамдығын төмендету туралы ескерту қажет.

4.3.4 Іргетастар астында котловандарды әзірлеу, котлован жинағыштарды бұрғылау машиналарын, эксваторларды және басқа да механизмдерді пайдалана отырып механикалық тәсілмен әзірленеді.

4.3.5 Котловандарды әзірлеу кезінде жұмысты іргетастар, тіректер, олардың бұзылмайтын қабілетін бұзбай және қабырғалардың бұзылуын болдыртпай, бір тәулікте немесе одан көбірек тәулікте орнататындай етіп ұйымдастыру қажет.

4.3.6 Котловандарды әзірлеу тура бөлімдерінде орнатылатын тіректер үшін сыртқы жағынан 1000 м астам радиустың қисығы, рельстік жолдардың өсінен (ал троллейбустық желілер үшін – жолдың борттағы тасынан), іргетасты немесе тіректі, жол жағына бұрылған котлованның қабырғасына, тығыз жобалық жағдайға орнату мүмкіндігін қамтамасыз ететін арақашықтықта орналасатындай етіп жүзеге асыру қажет. Қисықтардың ішкі жағында 1000 м кем радиуста, котлованды жол өсінен, іргетасты немесе тіректі котлован қабырғасының алқаптық жағына, тығыз жобалық жағдайда орындауды қамтамасыз ететін арақашықтықта орналастыру қажет.

4.3.7 Жоспардағы котлованның көлемін, саңылауларда топырақты тығыздау мүмкіндігін есепке алып жобалық орнына, жатындармен немесе тірек қыш тақталарымен іргетасты немесе тіректі еркін орнатуды қамтамасыз етуі тиіс. Терендігі бойынша, котлован +/- 100 мм рұқсатымен, жобалық деңгейлерге сәйкес келуі тиіс, ал жолдың

өсінен арақашықтық бойынша +150 мм, аспайтын рұқсаттамамен іргетасты немесе тіректі орнату мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет.

4.3.8 Жобамен қарастылыған, тіректі бекіту тәсілі егер котловандағы топырақ котлованда анықтау кезінде (авторлық қадағалауды өткізу тәртібінде) жобада көрсетілген бұзылмайтын қабілетінен төмен болса құрылыс ұйыммен және тапсырыс берушімен келісім бойынша анықталуы тиіс.

4.3.9 Механикалық тәсілмен әзірленген, тік қабырғаларды бекіту қажеттілігі туындаған кезде жұмысшыларды котлованға түсірусіз, үстіне бекітілген және түсірілген мүліктік қалқандармен орындау қажет. Сондай-ақ, котловандарды әзірлеу кезінде бекітусіз тірек астында жол өсінен 4,9 м астам жақын шеттерге дейін арақашықтық кезінде тұрақты топырақтармен (құрған, байланысты), шұңқырларда және нөлдік орындарда орындалуы тиіс. Сондай-ақ, жолдың өсіне, 3,1 м және одан көбірек жақындаумен, колсоль тіректері үшін құрғақ топырақты пайдалануға болады.

4.3.10 Жұмыстардың жетекшісі котловандардың бекіткіштері мен жер бетінің жағдайына бақылауды жүргізуге міндетті. Котлованға судың маңызды ағымы кезінде оны сору және шпунттық шектеуді орнату қажет.

4.3.11 Жұмыстардың орны дербес белгісімен шектелуі тиіс. Жұмыс жетекшісі жер бетінің тұрақтылығын бұзатын өзгерістер пайда болған кезде жер бетіне тиісті бекіткіштерді қамтамасыз етуге және пойызды тоқтату немесе оның жылдамдығын шектеу үшін қажетті белгілердің жиынтығымен пойыз қозғалысын тоқтату немесе жылдамдығын шектеу қажеттілігі туралы жол дистанциялардың әкімшілігіне хабар беріп, алдын алуға міндетті.

4.3.12 Котловандарды жарылғыш тәсілімен қопсытуды талап ететін таулы және қатты топырақтарда әзірлеу кезінде, жарылғыш жұмыстар, пойыздар қозғалысының үзілісінде қауіпсіз ережелерінің талаптарына сәйкес арнайы жобалар бойынша өткізілуі тиіс.

4.3.13 Қыс мезгілінде іргетастарды әзірлеу кезінде қабырға мен негіздеме топырақтарының қатуына қарсы шараларды қабылдау қажет. 4 сағаттан астам жұмыстағы үзілістерде және котловандарды әзірлеуді аяқтаудан кейін котлованды арнайы ауыспалы қалқанмен жабу қажет.

4.3.14 Көшенің көліктер өтетін бөлігінде, котловандарды әзірлеу кезінде және жұмыстар біткен кезінде оның маңындағы жол-құрылыс материалдары көліктер өтетін бөліктен алынып тасталуы тиіс, сондай-ақ, адамның көп жиналған жерлерінен және жолдан өтетін көліктен, котловандар қалқандармен жабылуы, ал қала жағдайында – құрылыс материалдары шығарылуы тиіс. Котловандарды әзірлеу кезінде бұзылған барлық құрылымдар және жұмыстар түзетілген жағдайға келтірілуі тиіс.

4.3.15 Котловандардан алынған топырақты, құрылыс маңындағы өлшемдерді сақтап, орналастырылуы қажет. Жол шеттерін, топырақпен жабуға, тыйым салынады.

4.4 Іргетастардың құрылысы

4.4.1 Котлованға іргетасты тіректі орнатар алдында РБД (рельс басының деңгейі) қатысты котлован түбінің дұрыстығын тексеру қажет.

4.4.2 Бөлінбейтін тіректердің, іргетасының бөлігін немесе іргетастарды салу тереңдігі есеппен анықталуы тиіс.

4.4.3 Байланыс желілердің тірек іргетастарының салынуы бойынша жұмыстар келесі кезектілікпен жүзеге асырылады:

- а) құрылыс базасында іргетастарды әзірлеу немесе дайындап алу;
- б) арнайы пойыздарды немесе рельстен тыс көлік құралдарын шығару;
- в) алдын ала дайындалған котловандарға іргетастарды крандармен орнату;
- г) қадалық іргетастарды дірілді жүктеу арқылы кіргізу немесе іргетастарды орындарда бетондауды жүзеге асыру.

4.4.4 Байланыс желілердің консольдық тіректері призмалық немесе үш сәулелі іргетастарға орнатылады. Иілімді көлденең тіректері бөлінді темірбетондық блоктарға немесе ростверкалармен қадалық іргетастарға бекітіледі. Байланыс желілердің негізгі металл тіректері анкерлік болттармен іргетастарымен қосылады. Иілімді көлденең тіректер астында үлкен біртұтас іргетастарын салу кезінде оларды орнату орындарында іргетастарды бетондаумен жүзеге асырылады.

4.4.5 Мәңгі қататын топырақтармен және терең маусымдық қататын бөлімінде тіректердің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін тартылуы жоғары талпынысты меңгерген, 10,0-12,0 м ұзындықты іргетастарды қолдану немесе қадалық іргетас есебінен немесе 6,0 м дейінгі ұзындықпен және қалақтардың төменгі бөліктерін жабдықталған металл винттік қадаларды қолдану есебінен қамтамасыз ету ұсынылады. Сонымен қатар, қалақтар диаметрі қада диаметрінен 150 мм асуы қажет. Қадалар қалақшалар мен топыраққа винт бұрып кіргізу жолымен жүргізіледі. Сонымен қатар қадаларды бұрғылау біткеннен кейін топырақты қопсыту кезінде тірек тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қадалар тереңдігі мәңгі қататын топыраққа кіруі қажет.

4.4.6 Байланыс желілерінің тіректері астында бағаналық винттік іргетастар күрделі инженерлік-геологиялық жағдайда (әлсіз топырақтар, торфяниктер, батпақта және т.б.), мәңгі қату болмаған жағдайда және үлгілі конструкциялар іргетастарының құрылысын жүзеге асырудың тиімсіздігі кезінде ұсынылады.

4.4.7 Қадалық іргетастарды батыру кезінде қадаларды батыру журналын жүргізу қажет.

4.4.8 Блок іргетастарын иілімді көлденеңдердің тіректері астына қадалық іргетастар құрылыстарын қолдану мүмкін болмаған жағдайда ғана қолдану ұсынылады.

4.4.9 Тіректерді уақытша орнату үшін стақандар түріндегі іргетастарды және жатындыларды қолданады.

4.4.10 Жер асты коммунациялар астында іргетасты орнату кезінде жер асты ғимараттардан іргетас табанына дейін 0,5 м кем емес арақашықтық рұқсат етіледі. Топырақтың қату тереңдігі кезінде 0,8 м кем емес.

4.4.11 Әлсіз топырақты негіздемелерде орналасқан жер бетіндегі бөлімдерде тіректі бекіту екі тәсілдің бірімен жүзеге асыру ұсынылады:

- а) әлсіз топырақтар қабатының деңгейінен жоғары орналасқан және себудегі қатты топырақта орналасқан іргетастарды қолдану жолымен. Осындай іргетастарды іргетастардың төменгі жағында қапталдық шетімен және тірек тақтасымен байланыс желісінен жүктеме әрекеті жағына қарай жобалау ұтымды болады.

б) әлсіз топырақтан төмен орналасқан тығыз топыраққа тірелетін 6-дан 10 м дейінгі ұзындықтағы қадалық іргетастарды қолдану жолымен. Қолданыстағы жүктемелерге байланысты бұзылмайтын қабілеттіліктерді қамтамасыз ету үшін жеке қадалар сияқты сондай-ақ, қадалар тобы іргетастары қабылдануы мүмкін. Соңғы іргетастарды, байланыс желісінің, аса жүктелген тіректері үшін қолдану ұтымды.

4.4.12 Таулы топырақтарда тіректерді бекітуді, үш тәсілмен жүзеге асыру ұсынылады:

а) котловандарды таулы топырағында әзірлеу және одан кейін іргетастарды орнату жолымен. Іргетастарды орнату үшін, қатты аз жарылатын жыныстарда, 400 мм диаметрімен және 1200 мм тереңдікпен, 2200 мм тереңдік, әлсіз және жарылатын жыныстар үшін тесілетін жыныстарды пайдалану ұсынылады.

б) тауда салынатын шпураларда, бекітілген анкер болттардың көмегімен. Анкерлік болттардың диаметрі және ұзындығы, анкерлік болттан, тірекке берілетін жүктемелерді есептеп, анықталады. Сонымен қатар шпур диаметрі анкерлік болттардың диаметрінен 25 мм, артық болуы тиіс. Шпур қабырғасы мен анкер болттары арасындағы саңылауларды, М 300 төмен емес, маркалы, цементті-құмды ертінділермен, толтыру қажет.

в) 600 мм диаметрмен және 3,0-3,5 м тереңдікпен қазылған котловандарды түзу және кесілмеген тірекпен орнату жолымен тау мен кәдімгі топырақтың аралас қабатында болған жағдайда пайдалану ұсынылады.

4.4.13 Қыс мезгілінде котловандарды әзірлеуден кейін іргетастарды орнату қажет.

4.4.14 Котлованның ішкі қуысы іргетасты орнатар алдында қардан және мұздан тазартылуы тиіс.

4.4.15 Іргетасқа және тірекке топырақтың толық еруіне дейін құрылыс ұйымымен жүйелі бақылауды орнату қажет. Тіректердің иілуін анықтау кезінде тіректерді түзету және қосымша тығыздау бойынша жедел шараларды, қолдану қажет.

4.5 Котловандардың қуысын толтыру

4.5.1 Іргетастарды немесе тіректерді орнатудан кейін котловандардың қуысын толтыру топырақты мұқият басумен, 20 см артық емес қалыңдықтағы қабатпен салу қажет. 50 мм астам, фракциялы топырақпен, котловандарды толтыруға рұқсат берілмейді.

4.5.2 Котлован қабырғаларын бекітуді топырақты котлованның қуысына салу шамасына қарай топырақты тығыздап қабырғаларды алып отыру қажет. Қиын жағдайда (тұрақсыз суланған топырақтар кезінде 1:1,5 астам еңіспен топырақпен толырған кезінде және т.б.) котловандарды бекіту жеке жобалар бойынша орындалғанда қабырғаларды алу мәселелері тапсырыс берушімен және жобалық ұйымдармен келісу бойынша құрылыс ұйымымен шешіледі (авторлық қадағалауды өткізу тәртібінде).

4.5.3 Іргетас немесе темірбетондық тіректерді орнататын, котловандардың қуыстарын, оларды орнатқан күні топырақпен толтыру қажет.

4.5.4 Иілімді көлденең тірегінде іргетастардың жандарын топырақпен толтыру топырақты тығыздаумен, механизмделген тәсілмен өткізілуі қажет. Іргетастар блоктарының ауытқуын болдыртпау үшін оларды топырақпен толыруға дейін анкерлік болттарға арнайы шаблондарды кигізу арқылы өзара өлшемдерін сақтау керек.

4.5.5 Котловандардың қуыстарын топырақпен толтыруды жылдың жылы маусымында 4.5.1-т. келтірілген талаптарды сақтаумен, жергілікті еріген топырақпен жүргізу ұсынылады.

4.5.6 Қысқы мезгілде котловандардың қуыстарын топырақпен толтырғанда топырақ үймесінің биіктігі котлован тереңдігінен 30-40 см астам болуы тиіс.

4.5.7 Топырақты себу, төсеу құрылғысы кезінде іргетастың маңында, топырақты қабатты тығыздауды орындау қажет; топырақ тығыздығы үйме тығыздығына сәйкес келу қажет.

4.5.8 Котловандардың қуыстарын топырақпен толтырғаннан кейін қалған артық топырақ жоспарлануы және тығыздалуы тиіс.

4.6 Тіректерді орнату. Жалпы ережелер

4.6.1 Байланыс желілерінің тіректерін орнату бойынша жұмыстар басталғанға дейін темір жолдың электрленген бөлімін тексеру және тіректер орнатылатын жерлерді анықтау қажет. Сондай-ақ, тіректерді жүктеу, сұрыптау және тиеу үшін желілі жинақтаушы базалардың орналасатын жерлерін келісу қажет.

4.6.2 Құрылыс жұмыстарының басталуына дейін жобалық ұйыммен әзірленген өтілімдерде және станцияларда байланыс желілердің жоспарына сәйкес тіректерді орнату орындарын бөлуді орындау қажет. Тірек өсінің жағдайын, тік сипаттамаларын, тізбекті нөмірін және алаң жағынан сыртқы рельстің мойнына жуылмайтын бояумен тізбек нөмірін, тірек түрін, белгілеу ерекшеленеді. Жол өсінен тірекке дейін өлшемді арақашықтықты бір мезгілде белгілеу қажет.

4.6.3 Теміржол жүрісінде механизмдердің тұрағын жұмыс орнына тез шығуды қамтамасыз ету үшін таңдау қажет. Конструкция мен материалдарды сақтау орындары автокран мен автомобильдер үшін кіреберістерімен темір жол маңында орналастырылады.

4.6.4 Желілі жинақтаушы базаларына, тиелетін тіректерді, түрлері бойынша бөлу және, кем дегенде, төрт көлденең қатарлы, биік штабельдермен жинақтауға түсіріледі. Штабельдер арасында кран мен көлік үшін өту жолдарды қалдыру қажет. Тіректердің әрбір қатарын екі тіректен жайма салып жинау қажет.

4.6.5 Теміржол қозғалмалы құрамда тіректерді жүктеу кезінде әрбір қатарға бес-бестен салу, қатарлар арасына 4x15 см кем емес екі көлденең прокладкалар салу қажет.

4.6.6 Темірбетон тіректерін жерге тастауға тыйым салынады. Оларды екі нүктеде тірелу арқылы орналастырады.

4.6.7 Тіректерді орнатуды қолданыстағы ережелерді және пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нұсқаулықты сақтау кезінде машиналардың жинағы арқылы орындау қажет.

4.6.8 Тіректерді орнату кезінде жұмыс өндірісін тұрақты бақылау қажет.

4.6.9 Тіректтерді орнату кезінде әрбір көлік радиостанциялармен және ауыспалы немесе ұялы телефондармен қамтамасыз етілуі тиіс.

4.6.10 Башмакпен металл және темірбетон тіректері темірбетондық іргетастардың арматурасынан электр оқшаулаулы болуы тиіс [4].

4.6.11 Электрленген көліктің байланыс желісіндегі темірбетондық тіректердің конструкциясын ҚР ҚНЖЕ 5.03-34 талаптарға сәйкес, ал металл тіректерін ҚР ҚНЖЕ 5.04-23 сәйкес есептеу қажет.

4.7 Темірбетондық тіректерді орнату

4.7.1 Темірбетондық тіректі орнату кезінде немесе қамту кезінде строптар мен қамыттар қажет. Олар тіректі көтеруге, тік қалыпқа ауыстыруға, тік өсіне келтіруге, котловандарға орнатуға және тірекке жұмысшылардың көтерілуінсіз стропты алуға мүмкіндік береді. Қолданылатын стропалар немесе қамтулар жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуі және тіректерді зақымдаудан сақтауы тиіс.

4.7.2 Темірбетондық тіректерді орнату кезінде ерекше көңіл бөліп жол өсінен тірекке дейінгі арақашықты сақтауды тіректі тереңдету дұрыстығын және консольдарды бекіту үшін салынатын бөлшектерді орнатуды бақылау қажет. Жобалық жағдайдан орнатылған тіректің нақтылы ауытқуы (айналуы) 3° -тан аспауы тиіс.

4.7.3 Котловандағы темірбетондық тіректерді орнатудан кейін жол өсінен тіректің арақашықтығының дұрыстығын түзету 3/1 тереңдікке котлованның қуысын топырақпен толтырып (бірақ 1 м артық емес) және одан кейін топырақты тығыздауды жүргізу қажет. Іргетасты топырақпен себумен (толтырумен) қатар, тік өсі жазғы кезеңде 1,0 - 1,5%-ға, ал қысқы кезеңде 1,5 - 2%-ке негізгі жүктемелердің қарама-қарсы әрекеті жағына иелетіндей етіп орналастырылуы керек. Сыртқы жағынан қисықта орналасқан және жолдың тура бөлімдерінде тіректің иілімін алаң жағында жасайды, ал қисықтың ішкі жағында тірек тік болуы тиіс.

4.7.4 Тірек тақташалар мен жатындар, жұмыс сызбаларына және байланыс желілерінің жоспарына сәйкес орнатылуы тиіс. Жобамен қарастырылған жатындарды орнатуға дейін котловандарды топырақпен себуге (толтыруға) рұқсат етілмейді. Жатындар тірекке тығыз жанасуы тиіс.

4.7.5 Стақандық іргетастарда орнатылған, бөлінген тіректерді, тіктік түзетуден кейін төрт клиньдармен жоғарыда, ал төменнен бекітуді стақан тереңдігінің жартысына дейін шағылтастармен жасау қажет. Жазғы кезеңде стақандардағы қалған қуыстарды цемент ертіндісімен құю-тарту құрылғысы арқылы толтырады. Қысқы кезеңде стақан қуыстарын 1:2 құрамындағы құрғақ цементті-құмды қоспасымен толтырады. Стақан қуысынан су, қар, мұз алынып тасталады, ал стақанның төменгі қуысында суды жіберу үшін саңылау тазалануы тиіс. Суды жіберуді жазғы кезде қолданады.

4.7.6 Бөлінген тіректерді клин түріндегі іргетастарға орнату кезінде іргетастың жоғары мен тірек асты арасында окшаулау төсемдері орнатылуы тиіс. Болт-шпилькалардың шығатын бұранда бөлігі мен гайкаларға қорғау қалпақтары киілетін болады. Шпилькалар топырақтың бетінен жоғары орналасуы тиіс.

4.7.7 Бөлінбейтін тіректердің іргетас бөліктерін соңғы тік реттеу мен түзетуді оларды орнатқан күнінде котлованды топырақпен толық толтырылуға (себуге) дейін жүргізу қажет. Пойыздар қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін орнатылған темірбетондық тіректер құрылыс шеберінің немесе бригадирдің бақылауында болуы керек.

4.8 Металл тіректерін орнату

4.8.1 Металл тіректерін орнатуға дейін келесі жұмыстарды өткізу қажет:

- а) іргетастың жағдайы;
- б) қуыстарды толтыру;
- в) анкер болттары, болттарды бұрғылау.

4.8.2 Іргетастың анкерлік болттарына, металл тіректерін орнатудан кейін стропадан бөлу алдында әрбір тірек астында кем дегенде бір болтты гайкалармен бекітілуі тиіс. Тіректі тік қалпында түзету кезінде иілімді көлденең тіректері үшін 30 мм аспайтын, жалпы қалыңдықтағы, болат төсемелерін (реттеу шайбаларын) және консольдық тіректер үшін 15 мм қалыңдықтағы болат төсемдерін қолдануға рұқсат береді. Орнатылған тірек соңғы реттеуден кейін шайбалары бар гайкалармен және контргайкалармен болттарға бекітілуі тиіс.

4.8.3 Тіректі орнатудан кейін оның жағдайының дұрыстығын тексеру қажет. Тіректі айналдыру 3°-тан аспауы тиіс.

4.9 Қатты көлденеңдерді құрастыру (монтаждау)

4.9.1 Тіректе қатты көлденең ригельдерін құрастыруды котловандарды топырақпен толтырудан (себуден) немесе тіректерді іргетасқа соңғы бекіткеннен кейін жүргізуге рұқсат беріледі.

4.9.2 Станциялық тіректерді қатаң металл көлденеңдерімен орналастыруды пойыздардың жүру арасында немесе осы мақсат үшін берілген арнайы уақыт арасында жүргізу қажет. Жұмыстың басталуы алдында құрылыс бөлімшелердің бастығы тіректерді және қатты көлденеңдерді орнату бойынша жұмыс сызбасын құруға және оны станция бастығымен келісуге міндетті. Сызба қандай жұмыстар үшін, қандай станциялық жолдар, уақыт және жолдардың жүктілігін көрсетумен ұсынылуы тиіс.

4.9.3 Қатты көлденеңдерді жинау мен орнату, жобаға сәйкес орындалуы тиіс. Жеке блоктардан, қатты көлденеңнің жинақтаушы базасында оны жинау кезінде айырмалардың орналасу дұрыстығына ерекше көңіл аудару қажет.

4.9.4 Рамалық конструкциялардың қатты көлденеңдерін жинауға дейін, тіректер арасындағы нақты ара-қашықтықты өлшеу қажет және сол өлшем бойынша қатты көлденеңнің ригельін әзірлеу қажет. Монтаждық панельдердің көмегімен өлшем ара-қашықтығына (жеке блоктардан жинау кезінде) сәйкес ригельдің ұзындығын реттеуді жүзеге асырады.

4.9.5 Дайындық жұмыстар және жұмысқа рұқсат беру:

а) байланыс желісінің монтаждық жоспарына сәйкес, жұмыс басталғанға дейін алдын ала қажетті ригельді таңдайды; орындарда келтірілген өлшемдерге сәйкес белгілерді жүргізу және әрбір жолдардың оқшауландырушыларын ілу үшін конструкцияларды орнату; ригельдің шеттеріндегі ұштарына немесе тірек таяныштарға (тірекке ригельді қапталдық бекіту кезінде), ригельдің ұзын бұрыштарын бекіту үшін хомуттарды (бугельдерді) орнатады. Қатаң көлденеңнің ригелін, кіріс бақылауды жүргізеді;

б) жұмыс басталарда энергодиспетчерге пойыздар қозғалысында үзілісті ұсынуға, пойыздарға ескерту беруге, сымдардан және жабдықтардан қуатты алып тастауға өтініш беру (жұмыс талаптарына байланысты) керек;

в) жұмысқа тапсырыс беретін тұлғадан нұсқаулық және жұмысты өндіруге наряд алу керек;

г) жұмыстардың басталу және аяқталу уақыттары көрсетілген және қажет болған жағдайда сымнан және жабдықтан электр қуатын алып тастау туралы энергодиспетчердің бұйрығын алу керек;

д) өтпелім немесе станция жолдарын жапқанан кейін станция бойынша кезекшіден жолдағы жұмыс орнына орнату пойыздың келуін жүзеге асыру үшін рұқсат алу керек.

4.9.6 Қатты көлденеңдер ригельдері теміржол кранының көмегімен орнатылуы тиіс. Ригельді орнату кезінде теміржол кранымен бағыттарындағы таяныштарды тіктік реттеуге рұқсат берілмейді.

4.9.7 Темірбетондық таяныштардың бастарында қатты көлденең ригельдерді орнатуға және бекітуге дейін көлденең ригельдерді көтеруден бастап жұмыс аймағында пойыздардың қайта қозғалысына немесе басқа да қозғалмалы бірліктердің жүруіне рұқсат етілмейді.

4.9.8 Қатты көлденең ригелін орнату технологиясы, жұмыстың басталу мен аяқталу уақыттары көрсетілген энергодиспетчерлердің бұйрығы мен наряды бойынша барлық сымдармен және жабдықтардан қатты көлденеңнің жабатын барлық жолдарындағы жұмыстар электр қуатын сөдірумен, пойыздар қозғалысындағы үзілістермен жүргізіледі.

4.9.9 Станциялық жолдарда жүргізілетін жұмыс кезінде – жұмыстар станция бойынша кезекшінің келісімі бойынша жүргізіледі.

4.9.10 Қатты көлденең ригелін орнату тәртібі:

а) көлденең ригельді арқандауды жүргізу және төрт тартпаны бекіту;

б) 20 ... 30 см ге, қатаң көлденеңдерді көтеру және арқандаудың дұрыстығын тексеру;

в) кранмен көлденең ригельді тірек ұшынан жоғарғы биіктікке көтеру жолдарға көлденең тартпалардың көмегімен ригельді бұру және кран көлденегімен ригельді тіректердің бастарындағы орындарға орнату;

г) кранның көлденең бағытын төмендету арқасында орнатылған ригельдің арқандауын босату және ригельді бекіту.

4.9.11 Ригельді монтаждау бойынша, келесі жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады:

а) тұманда, желде, қатты тайғақта және жаман көрінетін кезде және жел жылдамдығы 10 м/с астам болған кезде;

б) ригельді кранмен орнатқаннан кейін тіректе бекітілмеген қатты көлденең ригельді қалдыру;

в) биіктіке көтерілген ригельдің аймағына 7 м арақашықтықтан жақын орналасу;

г) ригельді жылжытып ауыстыру сәтінде ригельдің үстінде болу;

д) ригельдің тіректе толық бекітуіне дейін ригельге көтерілу.

4.9.12 Егер кран көлденең бағытын бұрған кезде, оның кабинасы көрші жолға шығып тұрса, онда көрші жолдары бойынша қозғалатын пойыздарға кран жұмысы туралы ескерту қажет, ал кранның жұмыс орындары белгі бергішпен шектелуі тиіс.

4.10 Иілімді көлденеңдерді құрастыру

4.10.1 Иілімді көлденеңдерді құрастыру үш тәсілмен жүргізіледі: дайындау, ауыстыру және уақытша тарту, соңғы тарту, реттеу мен бекіту.

4.10.2 Иілімді көлденеңдерді құрастыру жоғары бекіткіш және көлденең салмақ көтергіш (бұзылмайтын) тростарды ілуден басталады. Бекітілетін тростардың, талап етілетін ұзындығын тарту штангтарының ұзындығын, тартпа муфталарын, оқшаулаудың және тросқа кіретін басқа да тетіктердің, көлденең ұштарының арасын өлшеу бойынша анықтайды.

4.10.3 Тростарды дайындау, құрастыру шеберханаларда немесе жұмысты бастар алдында желіде жүргізеді. Тростың бір ғана шетін бекітілген түрде жасау керек. Ең алдымен жоғары бекіткіш тростарды құрастыру керек. Алдын ала дайындалған бекіткіш тростың бір шетін тірекке бекітеді, одан кейін тросты қарама-қарсы тіректе полиспасттың көмегімен тарту керек. Сонда тростың бекітілмеген шеті жерге түседі, онда оның соңғы бекітілуі жүргізіледі. Одан кейін тросты тірекке қайталап тарту керек және соңғы рет тіректе бекіту керек.

4.10.4 Жоғары бекіткіш тросын құрастырғаннан кейін көлденең салмақ көтергіш (бұзылмайтын) тросын ілуді жүргізеді. Көлденең салмақ көтергіш (бұзылмайтын) тросты құрастыруды ілме бағыты бойынша жүргізеді. Ілмек бағытының шамасын (ұзындығын) ілмелі көлденең салмақ көтергіш (бұзылмайтын) тросты ілуді есеппен анықтау керек.

4.10.5 Төменгі бекіткіш тростарды құрастыруды көлденең салмақ көтергіш (бұзылмайтын) тростарды ашудан кейін жүргізу керек.

4.10.6 Көлденең реттеуді жүргізеді. Иілімді көлденең және бекіткіштердің барлық тетіктерін нақты орнату арқылы жоғары және төменгі бекіткіш тростарын теңестіреді.

4.11 Анкерлік тартпаларды құрастыру

4.11.1 Анкерлік тартпаларды қолмен орнатады. Анкерлік тіректе кронштейндерді бекіту жерде немесе қойылатын сатымен, тіректі орнатқаннан кейін жүзеге асырады. Тарту түрі және тіректе, анкерлік кронштейндерді орналастыру жобамен анықталады және анкерлеу мен ілу түрлеріне байланысты болады.

4.11.2 Дайындық жұмыстар және жұмысқа кірісу:

а) жұмыс басталарда электр қуатты алусыз, электр қуаты жанында орналасқан темір жол бөліктерінде жұмыстарды орындауға энергодиспетчерге өтініш беру керек;

б) тартпаны, оларды тіректерге және анкерлерге бекіту үшін кронштейн-хомуттарды, кронштейн-хомуттар астында болатын полиэтиленнің оқшауланған төсемелерін, маймен сіңірген антисептикаланған, ағаш оқшаулау қималарды, анкер арматурасынан, анкерлік тартпаларды оқшаулау үшін теріп алу керек;

в) жұмысты өндіруге, нарядты және оны берген тұлғалардан нұсқаулықты алу керек;

г) жұмыстардың уақыты, орны және сипаты туралы деректерді энергодиспетчерлерге хабарлау керек;

д) жалынды, уақытты жерлендіру немесе диодты жерлендіру тізбекте болған кезде оларда 50 мм^2 қиылысымды мыс шунтталған жууды орнату керек;

е) жұмыс орнына келгеннен кейін нарядқа жазумен бригада мүшелерінің қолдары қойылған нұсқаулық жүргізу.

4.12 Жұмыстарды қабылдау

4.12.1 Байланыс желілердің тірегі үшін әзірленген котлован жұмыс өндірушісімен немесе құрылыс шеберімен тексерілуі және қабылдануы тиіс. Тексеру туралы деректер жұмыс журналына енгізілуі тиіс. Тексеруге шаблондармен тексерілетін жоспардағы және тереңдіктегі көлемдер, жол өсіне қатысты бағыттар, котлован түбін жоспарлау, бекіту беріктігі, сондай-ақ жобалық ұйымдардың топырағының үлгілеріне арналған сыманалы лабораториялық сынаулар мен топырақ сипатамасы бойынша жобалық деректерге котловандағы топырақ қасиеттерінің сәйкес келуін өлшеу және тексеру жатады. Тексеру нәтижелері бойынша котловандарды куәландыруға акті құрастырылуы тиіс (Д қосымшасы).

4.12.2 Іргетасты салу кезінде ашылмайтын жұмыстарды куәландіруге актілер құрастырылуы тиіс (Е қосымшасы).

4.12.3 Байланыс желілердің орнатылған тіректері байланыс ілмектерін құрастыруды жүзеге асыратын ұйымның қызметкерлеріне тапсырылуы керек. Құрастыру астындағы тіректі қабылдау тапсырыс беруші өкілінің қатысуымен жүргізіледі. Қабылдау кезінде акті құрастырылуы тиіс (Ж қосымшасы). Қабылдау актісін құрастыру кезінде байланыс желілері тіректерін құруды жүзеге асырған құрылыс ұйымы тіректі салу кезінде (Д және Е қосымшаларын қара), тіректерге арналған төлқұжаттарды, актілерді, сондай-ақ жинақтаушы базасында құрастырылған тіректерді тексеру актілерін (В қосымшасын қара) ұсынуы қажет.

4.12.4 Котловандарды топырақтармен толтыру сапасын шамамен 1,5 м ұзындықты металл қысудың көмегі арқылы тексеріледі. Котловандарды сапалы емес толтырылғанын анықтаған кезінде 1-1,2 м тереңдікте топырақтар ашылады және топырақтардың қабаттарын қайта тығыздауымен толтырылады.

4.12.5 Байланыс желілерінің қатты көлденендерін құрастыру кезінде келесі шектік ауытқулар қолданылады: қатты көлденең тіректерінің биіктігін белгілеуде (таяныш), мм

30 м дейін ригель ұзындығы кезінде.....D1 = ± 100

40 м дейін ригель ұзындығы кезіндеD1 = ± 200

Бір көлденең тіректері арасындағы арақашықтық (жолдардың өсіне тіктік), мм

.....D2 = + 300

4.12.6 Байланыс ілмектерді бекітуге арналған конструкциялар (турникеттер немесе үшбұрыштар ілмектері), ригель торының түйіндерінен 200 мм астам арақашықтықта орналасуы тиіс.

4.13 Қолдаушы құрылғыларды құрастыру

4.13.1 Консольдарды құрастыру 2-2,5 сағат ұзақтықпен, пойыздар қозғалымындағы үзілістерде жүргізеді.

4.13.2 Оқшауланбаған тік консольдарды орнату кезінде тіректің басында, алдымен полиспастты ашу және консоль қронштейніне қосып, содан соң консольді табан

ҚР ЕЖ 3.03-118-2014

деңгейіне дейін көтеру және болтпен бекіту қажет. Консоль кронштейні көлденең орналасуы тиіс, ол үшін, тартқыш ұзындығын реттеуді, саңылаулармен, жақшалардың көмегімен, жүзеге асыру, ұсынылады.

4.13.3 Жартылай өткізгіш байланыс ілмектерінің консольдарын жолдың тура бөлімдерінде тік, ал жол өсіне радиалды қисықта орналасуы тиіс. Консольдың аталған жағдайдан ауытқуы 5 м дейінгі тірек биіктігі кезінде +200 мм, астам емес және 5 м астам тірек биіктігі кезінде +300 мм аспайтын болуы тиіс.

4.13.4 Жол өсіне қатысты өтемалық ілеспелер консольдардың жағдайы +50 мм, рұқсаттамасымен, құрастыру кестелер бойынша орнатылады.

4.13.5 Консольды автотрис пен дрезинаның құрастыру алаңымен немесе шарнирлік бағытымен, машина көмегі арқылы құрастыру ұтымды. Полиспасттардың және дербес лебедкалардың көмегімен, консольдарды құрастыруға рұқсат етіледі.

4.13.6 Үшбұрыштың ілмектерді құрастыру кезінде алдымен тірек бұрыштарын, ригельде немесе жақшада бекіту (уақытаралық тұрақтардан, 250 мм аспайтын), ал одан кейін тоқыммен немесе роликпен оқшаулағыш гирляндтарды үшбұрышты ілу қажет.

4.13.7 Оқшауланбаған консольдарда салмақ көтеретін тросқа немесе оқшауланған консольдарда салмақ көтеретін тростарға оқшауланған гирляндылардың бекіту нүктесі келесі жобалықтан ауытқуы болуы керек:

а) жол өсінен жоспарда + 200 мм;

б) +500 мм-ден -300 мм-ге дейінгі рельс басының деңгейінен биіктігі бойынша өтем ілмесі кезінде және +600 мм-ден, -200 мм-ге дейін жартылай өтеу кезінде.

4.13.8 Көлденең тірегінде төменгі бекіткіш тросын құрастыру кезінде хомутты орнату қажет, одан кейін оған бекіткіш тросын ілу қажет. Хомутты басты жолдың байланыс сымның деңгейінен 400 мм жоғары орнатады. Одан кейін талап етілетін ұзындықта тросты дайындап және оған секциялық оқшаулағыштарды кигізу керек. Бекіткіш тросын жолдар арқылы тастау полиспастты тарту және тірекке бекіту қажет. Бекіткіш тросты тастауды барлық жолдар бойынша көлденең жабуы арқылы салмақ көтеретін тростарды ашуды аяқтаудан кейін ғана ережеге сай байланыс сымдарын ашуға дейін жүргізу керек.

4.13.9 Иілімді көлденеңнің, көлденең салмақ көтеретін тростарын біріктіруге рұқсат етілмейді. Иілімді көлденең қылының ұзындығы кем дегенде 500 мм-ден артық болуы тиіс.

4.13.10 Тіректерде, бекіткіш кронштейндер жазығынан салынады. Рұқсат етілетін ауытқулар жобамен қарастырылуы тиіс.

4.14 Байланыс ілмектерді құрастыру

4.14.1 Жанаспа торапты монтаждауды монтажға тіреулер қабылданғаннан кейін жүргізу керек.

